



ӘОЖ 372.891

ҒТАХР 14.25.09

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.100(4).186

Кубесова Г.Т., Қалменов А.А.

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе, Қазақстан**

E-mail: kubesova.gulnar@gmail.com, Kalmienov01@mail.ru

ХАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯСЫН ОҚЫТУДА ӨЛКЕТАНУ ПРИНЦИПІН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада халық географиясын оқытуда өлкетану принципін жүйелі қолданудың ерекшеліктері мен тиімділігі талданады. Теориялық негіздеме өлкетанудың мазмұндық, құзыреттік және педагогикалық-технологиялық қырларын айқындап, оны оқушының өмірлік тәжірибесімен ұштастырудың мүмкіндіктерін көрсетеді. Эмпирикалық зерттеу Ақтөбе қ. №29 орта мектебінің 11-сыныбында жүргізілді. Сауалнама мен сабақ барысын бақылау нәтижелері өлкетанулық мазмұнның оқушылардың пәнге қызығушылығын, пікір айту белсенділігін және карта-диаграммамен жұмыс дағдыларын айқын арттырғанын көрсетті. Сонымен қатар әдістемелік ресурстардың жеткіліксіздігі, оқу құжаттарында өлкетануға қатысты нақты материалдың тапшылығы анықталды. Мақалада жергілікті дереккөздер қорын қалыптастыру, ГАЖ сияқты цифрлық картографияны жүйелі қолдану, бағалау индикаторларын нақтылау және мұғалімдердің біліктілігін арттыру бойынша практикалық ұсыныстар берілді.

Кілт сөздер: өлкетану; халық географиясы; құзыреттілік; мектеп географиясы; мотивация; ГАЖ; цифрлық картография.

Кіріспе

Білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – оқушыларға тек тәлім беріп қана қоймай, оларды туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, ұлттық сана-сезімін қалыптастыру және болашақта елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына белсенді үлес қосатын азамат ретінде қалыптастыру. Осы міндеттерді жүзеге асыруда өлкетану принципін қолдану маңызды орын алады. Өлкетану – туған өлкенің табиғи, әлеуметтік-экономикалық, тарихи ерекшеліктерін зерттеп, оқу мазмұнын жергілікті өмірмен байланыстыратын тәсіл.

Қазіргі география пәні тек табиғи компоненттермен шектелмей, оқушылардың кеңістіктік, жүйелік және функционалдық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталуы тиіс. Бұл ретте өлкетану оқушылардың қоршаған ортаға деген танымдық қызығушылығын арттырып, өз өлкесін тереңірек танып-білуіне жол ашады. Әсіресе, жаратылыстану-ғылыми бағыттағы пәндерде өлкетанулық білім – оқушының өмірлік тәжірибесімен ұштасып, нақты мысалдар арқылы



күрделі ұғымдарды жеңіл қабылдауға ықпал етеді. Педагогикалық-психологиялық зерттеулер көрсеткендей, оқу материалы оқушының күнделікті өмірімен, қоршаған ортамен байланысты болған жағдайда, оның есте сақталуы мен қабылдануы айтарлықтай артады. Мұндай жағдайда оқушыда пәнге деген жағымды көзқарас, ішкі мотивация мен оқу белсенділігі қалыптасады. Осы тұрғыдан алғанда, өлкетану принципі – мотивациялық, тәрбиелік және әдістемелік тұрғыдан тиімді тәсіл болып табылатындығын көре аламыз.

Дегенмен, қазіргі мектеп тәжірибесінде география сабақтарында өлкетану мазмұнына жеткілікті көңіл бөлінбей байқалады. Мұғалімдердің әдістемелік даярлығы, қажетті ресурстардың жетіспеуі, оқулық мазмұнының шектеулігі бұл бағыттың толық жүзеге аспауына себеп болып отыр. Білім беру бағдарламаларында өлкетануға нақты сағат пен мазмұндық шектеулердің болмауы да мәселенің өзектілігін арттыра түседі.

Зерттеу мақсаты – география сабағында өлкетану принципін қолданудың тиімді жолдарын анықтау. Осы мақсатқа жету үшін келесі зерттеу сұрағы қойылды: «Өлкетану принципін қолдану оқушылардың география пәніне деген қызығушылығына және белсенділігіне қалай әсер етеді?»

Мақала құрылымында алдымен өлкетану принципін теориялық негіздері мен білім беру жүйесіндегі орны қарастырылып, кейін Ақтөбе қаласы бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелері талданады. Соңында зерттеу қорытындыларына сүйене отырып, нақты әдістемелік ұсыныстар беріледі.

Әдебиетке шолу

Зерттеу аясын айқындау үшін алдымен өлкетану туралы қазіргі ғылыми пікірлерге тоқталсақ, халықаралық зерттеулер бұл пайымдарды кеңейтеді. Д. Ламберт (D. Lambert) және Д.Морган (J.Morgan) («Teaching Geography 11–18: A Conceptual Approach», 2010) туған жерге қатысты деректермен жұмыс білімді өмірмен байланыстырып, сыни ойлау мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыратынын дәлелдейді; өлкетану «локализацияланған білім арқылы жаһандық түсінікке жетудің іргетасы» ретінде көрсетіледі [1]. Ресейлік ғалымдар да өлкетану бағытында бірқатар зерттеулер жүргізді. Мысалы, А.С.Обухов өзінің («Концепция современного географического краеведения», 2021) атты еңбегінде қазіргі географиялық өлкетанудың тұжырымдамасын талқылайды. Бұл зерттеу өлкетанудың табиғат, халық, шаруашылық, тарих және мәдениет аспектілерін кешенді түрде зерттеудің маңыздылығын көрсетеді. Сонымен қатар, ол өлкетанудың білім беру процесіндегі қолдану әдістерін қарастырып, оны орта мектеп бағдарламаларына енгізудің маңыздылығын атап өтеді. Оның зерттеуі географиялық өлкетану арқылы оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға ерекше назар аударады [2]. Г.П. Пирожков («Краеведческое образование как составляющая культурологической подготовки специалиста», 2011) атты диссертациясында өлкетану білімінің мәдениеттанулық дайындықтағы рөлін зерттейді. Ол өлкетанудың әлеуметтік институт және кешенді ғылым ретіндегі маңыздылығын атап көрсетеді. Оның жұмысы өлкетану арқылы оқушылардың мәдени бірегейлігін қалыптастыруға бағытталған тәсілдерді қарастырады. Сондай-ақ, ол аймақтық зерттеулерді білім беру жүйесіне интеграциялау жолдарын



ұсынады [3]. В.А.Максаковский («Географическая культура», 1998) өлкетануды пәннің ажырамас бөлігі ретінде негіздеп, «өз аймағын білмейінше, әлемді түсіну мүмкін емес» қағидатын ұсынады; ол ұлттық-мәдени мазмұн мен жаһандық көзқарасты байланыстыратын дидактикалық арнаны айқындайды [4].

Отандық ғалымдарға тоқталсақ, Д.Д.Байдалиев («Өлкетану негіздері», 2013) өлкетануды ұлттық сананы бекітіп, туған жерге сүйіспеншілікті қалыптастыратын мазмұндық өзек ретінде сипаттайды; бұл тұжырым өлкетанудың тек қосалқы иллюстрация емес, оқу процесінің мәндік компоненті екенін айқындайды [5]. М.М.Жанпейісова («Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде», 2006) жергілікті материалды модульдік-құрылымдық логикамен жүйелі енгізу оқушының дербес ойлауын, рефлексиясын, жұптық-топтық өзара әрекетін жандандыратынын дәлелдейді; оның жұмыстарында өлкетану интерактивті әдістермен (дебат, кейс, жоба) табиғи үйлесім табатыны көрсетіледі [6].

Қорыта келгенде, әдебиеттер өлкетанудың үш өлшемін нақтылайды:

- 1 - мазмұндық – жергілікті табиғи-әлеуметтік нысандар мен деректер арқылы теорияны нақтылау;
- 2 - құзыреттік – кеңістіктік ойлау, дерекпен жұмыс, зерттеу-жоба, коммуникация және азаматтық жауапкершілік;
- 3 - педагогикалық-технологиялық – модульдік құрылым, интерактивті әдістер, далалық-практикалық жұмыстар, цифрлық картография мен статистика.

Зерттеу әдістері

Зерттеу нысаны мен орны

Зерттеу Ақтөбе қаласы №29 орта мектебінің 11-сыныбында жүргізілді.

Зерттеу әдіснамасы

Бұл зерттеу аралас әдістерге негізделді: сандық деректерді жинау үшін сауалнама, ал сапалық деректерді алу үшін бақылау әдісі қолданылды. Сауалнама оқушылардың көзқарасы мен тәжірибесін жүйелі түрде өлшеуге, алынған мәліметтерді салыстырып, жалпылауға мүмкіндік берді. Бақылау сабақты өткізудің табиғи жағдайында оқушылардың әрекетін, өлкетанулық тапсырмаларды орындау барысын және сыныпшылық өзара әрекетті тереңірек түсінуге жағдай жасады. Екі әдісті ұштастыру деректерді өзара тексеруге (триангуляция) мүмкіндік беріп, нәтижелердің валидтілігі мен объективтілігін арттырды. Осылайша, аралас әдіснамалық модель зерттеу мәселесін сан қырынан қарастырып, сандық көрсеткіштер мен сапалық байқаулардың тұтастығын қамтамасыз етті.

Зерттеу кезеңдері

1. *Дайындық кезеңі:* зерттеу жоспары құрылды, сауалнама құрастырылды, бақылау парағы жасалды.
2. *Дерек жинау кезеңі:* сауалнама жүргізілді және сабақта бақылау жүзеге асырылды.
3. *Өңдеу және талдау:* алынған жауаптар кестеге түсіріліп, статистикалық және сапалық талдаулар жасалды.
4. *Қорытынды жасау:* нәтижелер салыстырылып, өлкетану принципінің тиімділігі жөнінде қорытындылар жасалды.



1. Сауалнама әдісі

Сауалнама сипаттамасы:

- Өткізілген күні: 11.02.2025.
- Қатысушылар саны: 24 оқушы.
- Форматы: жабық сұрақтар («иә» / «жоқ»).
- Сұрақтар саны: 10.

Сұрақтар мазмұны келесі бағыттарды қамтыды:

- сабақ барысында туған өлке туралы ақпараттың берілу жиілігі;
- жергілікті мәліметтерге деген қызығушылық;
- өңірлік карталар мен визуалды материалдармен жұмыс;
- зерттеу, жоба, тесттегі пайдалану;
- үйде ізденіс жүргізу әдеті.

2. Бақылау әдісі

Бақылау сипаттамасы:

- Өткізілген күні: 12.02.2025
- Шара тақырыбы: «Қазақстан халқы және оның орналасу ерекшеліктері»
- Бақылауға алынған оқушылар саны: 10
- Бақылау парағы негізінде келесі параметрлер бағаланды (1-кесте):

1 - кесте - Бақылау параметрлері

№	Бақылау көрсеткіші
1	Сабаққа қызығушылық танытуы
2	Пікір айту және сұрақ қою белсенділігі
3	Карта, диаграмма сияқты визуалды құралдармен жұмыс істеуі
4	Тапсырмаларды орындау белсенділігі
5	Өз ойын нақты деректермен дәлелдеп айтуы

Бақылау нәтижелері сапалық сипаттамалар негізінде сипатталды. Әр оқушының әрекеті талданып, бақылау парағындағы көрсеткіштерге сәйкес бағаланды. Жағдайларға байланысты белсенділік деңгейлері салыстырылды және сабақ мазмұнының өмірмен байланысы қалай әсер еткені қарастырылды.





Зерттеу нәтижелері

11.02.2025 ж. Ақтөбе қаласы №29 орта мектебінің 11-сыныбында өлкетану принципін қолдану мәселесі бойынша зерттеу жүргізілді. Зерттеу әдісі ретінде жабық сұрақтардан тұратын сауалнама қолданылды. Сауалнамаға барлығы 24 оқушы қатысты. Мақсат – география сабағында туған өлке туралы мәліметтердің қолданылу жиілігін, оқушылардың қызығушылығын және өлкетанулық компонентке деген көзқарасын анықтау.





Сауалнамада 10 сұрақ қойылып, оқушылар тек «иә» немесе «жоқ» жауаптарын таңдады (2-кесте).





2 - кесте - Төменде сұрақтарға жауап берген оқушылар саны мен пайыздық көрсеткіштері берілген:

№	Сұрақ	Иә (оқушы саны)	Жоқ (оқушы саны)	Иә (%) Жоқ (%)
1	География сабағында туған өлке мәліметі жиі кездеседі ме?	15	9	 <p>Жауаптары ■ Иә ■ Жоқ</p>
2	Өңірге қатысты мәліметтер қызығушылық тудыра ма?	18	6	 <p>Жауаптары ■ Иә ■ Жоқ</p>
3	Туған өлке деректерін зерттеу қызықты ма?	17	7	 <p>Жауаптар ■ Иә ■ Жоқ</p>
4	Жобалық жұмыс жасадыңыз ба?	16	8	 <p>Жауаптар ■ Иә ■ Жоқ</p>



5	Өлке туралы мәліметтерді көбейту керек деп санайсыз ба?	20	4	 <p>Жауаптар ■ Иә ■ Жоқ</p>
6	Өзіңнің өңіріңнің географиялық ерекшеліктерін атай аласыз ба?	13	11	 <p>Жауаптар ■ Иә ■ Жоқ</p>
7	Өлкетану сабақты қызықты етеді деп ойлайсыз ба?	21	3	 <p>Жауаптар ■ Иә ■ Жоқ</p>
8	Сабақта нақты өңірлік карта қолданылғанын қалайсыз ба?	19	5	 <p>Жауаптар ■ Иә ■ Жоқ</p>



9	Өлкетану мәліметтері тестте көмектеседі ме?	17	7	 <table border="1"> <caption>Жауаптар</caption> <thead> <tr> <th>Жауап</th> <th>Сандық мән</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Иә</td> <td>70</td> </tr> <tr> <td>Жоқ</td> <td>30</td> </tr> </tbody> </table>	Жауап	Сандық мән	Иә	70	Жоқ	30
Жауап	Сандық мән									
Иә	70									
Жоқ	30									
10	Үйде туған өлке туралы ақпаратты іздейсіз бе?	12	12	 <table border="1"> <caption>Жауаптар</caption> <thead> <tr> <th>Жауап</th> <th>Сандық мән</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Иә</td> <td>50</td> </tr> <tr> <td>Жоқ</td> <td>50</td> </tr> </tbody> </table>	Жауап	Сандық мән	Иә	50	Жоқ	50
Жауап	Сандық мән									
Иә	50									
Жоқ	50									

Сауалнама нәтижелері география сабағында өлкетану принципін жүзеге асыру оқушылардың пәнге деген қызығушылығына, білім сапасына және зерттеушілік қабілетінің дамуына қалай әсер ететінін анықтауға мүмкіндік берді. Сұрақтар "иә" және "жоқ" форматында беріліп, нәтижелер сандық және сапалық тұрғыда талданды. Алынған нәтижелерге сәйкес, 1 – сұрақ негізінде оқушылардың көпшілігі — 62%-ы сабақ барысында туған өлке туралы мәліметтерді жиі кездестіретінін айтты. Бұл олардың мұғалімдері сабақ барысында жергілікті материалдарды қолданатынын көрсетеді. Дегенмен, оқушылардың 38%-ы мұндай материалдардың сирек берілетінін немесе мүлдем қолданылмайтынын жеткізді. Бұл жағдай география сабағында өлкетану принципі жүйелі түрде қолданылмайтынын көрсетеді және жергілікті компоненттің толық енбей отырғанын айғақтайды.

2 - сұрақ бойынша оқушылардың 75%-ы сабақта өз өңіріне қатысты ақпарат ұсынылғанда пәнге деген қызығушылығы артатынын көрсетті. Мұндай мәліметтер оқушыға таныс әрі өмірлік маңызды болғандықтан, оларды эмоционалды және танымдық тұрғыдан баурап алады. Бұл көрсеткіш өлкетанудың мотивациялық әсерін дәлелдейді. Ал қалған 25% оқушы бұл мәліметтерге қызығушылық танытпайтынын айтты, бұл олардың ішкі уәжінің төмендігін немесе сабақ мазмұнының өз деңгейінде ұсынылмағанын көрсетеді. Сол сияқты, 3 - сұрақта оқушылардың 71%-ы туған өлке туралы деректерді зерттеу қызықты екенін мойындады. Бұл олардың жобалық және зерттеу жұмыстарын орындай алатынын, нақты деректермен жұмыс жасаудан ләззат алатынын білдіреді. Керісінше, 29% оқушы мұндай жұмысқа қызығушылық білдірмеген. Бұл оқушылардың дайын ақпаратты қабылдауға бейімдігін немесе зерттеу дағдысының жеткіліксіз екенін көрсетеді.



4 – сұрақта зерттеуге қатысқан оқушылардың 67%-ы өз өңіріне қатысты жобалық жұмыс жасағанын хабарлады. Бұл көрсеткіш өлкетану мазмұнының мектеп тәжірибесінде қолданылатынын білдірсе, 33%-ы мұндай жұмыс істемегенін айтты. Бұл жағдай жобалық жұмыстың барлық оқушыларға бірдей ұсынылмауы немесе жүйелі ұйымдастырылмауымен байланысты болуы мүмкін. Өлкетану мазмұнына деген қажеттілік те айқын байқалды: 5 – сұраққа қарайтын болсақ, 83% оқушы география сабақтарында туған өлкеге қатысты мәліметтерді көбейту керек деп есептейді. Олар үшін теориялық білім туған жерімен байланысқан кезде ғана толық қабылданады. Бұл жерде оқушының өз ортасына деген қызығушылығы, ұлттық сана, азаматтық ұстаным қалыптасады. Тек 17% оқушы ғана қазіргі мазмұнды жеткілікті деп санаған. Сауалнама нәтижесі оқушылардың өңірлік географиялық білім деңгейі әртүрлі екенін көрсетті. 6 – сұрақта тек 54% оқушы өз өңірінің географиялық ерекшеліктерін атай алған. Бұл — баланың өз қызығушылығының әсерінен болуы мүмкін. Алайда 46% оқушы өз туған аймағы туралы нақты мағлұмат бере алмаған, бұл — өңірлік мазмұнның жеткіліксіздігі мен практикалық жұмыс түрлерінің аздығының көрінісі. 7 – сұрақта оқушылардың 88%-ы өлкетану материалдары сабақты қызықты ететінін атап өтті. Бұл көрсеткіш мұндай материалдардың мотивациялық, тәрбиелік рөлін айқын көрсетеді. Жергілікті мысалдар оқушыларды белсенді қатысуға, ой қозғауға ынталандырады. Ал 12% оқушы бұл пікірмен келіспей, мүмкін теориялық мазмұнды артық көреді немесе пәнге деген жалпы қызығушылығы төмен.

Сонымен қатар, 8 – сұраққа үңілсек, оқушылардың 79%-ы сабақта нақты өңірлік карталардың қолданылғанын қалайды. Бұл — кеңістік ойлау, визуалды елестету, карта мен объектіні салыстыру дағдыларының қажеттілігін көрсетеді. 21% оқушы бұл әдісті қолдамаған, бұл оларды картамен жұмыс істеуге дағдыландыру керектігін көрсетеді. 9 – сұрақта көріп тұрғанымыздай, өлкетану мәліметтерінің тест тапсырмаларында көмектесетінін 70% оқушы мойындаған. Бұл жергілікті мысалдар оқушыға сенімділік беретінін және білімін тәжірибеде қолдануға септігін тигізетінін білдіреді. Қалған 30% оқушы тест сұрақтары тек теориямен шектелуі тиіс деп санайды. Соңғы сұрақ бойынша, тек 50% оқушы ғана үйде туған өлке туралы ақпаратты өздігінен іздейтінін айтқан. Бұл — оларда танымдық қызығушылық, ізденімпаздық қалыптасқанын білдіреді. Алайда екінші жартысы өз бетінше ізденіске ынта танытпаған, бұл мұғалім тарапынан бағыттап отыруды, зерттеуге итермелейтін тапсырмалар ұсынуды қажет етеді.

Бақылау

Сауалнама нәтижелерін нақтылау және олардың шынайылығын толықтыру мақсатында сабақтан тыс шара ұйымдастырылды. Шара кезінде бақылау жұмысы жүргізілді. Сабақтың тақырыбы: «Қазақстан халқы және оның орналасуы». Сабақта өлкетану принципі жүйелі түрде қолданылып, оқушылар туған өлкесі — Ақтөбе облысы бойынша этнодемографиялық деректермен, көші-қон карталарымен, статистикалық диаграммалармен белсенді жұмыс жасады.

Шараның негізгі мақсаты – Қазақстан халқының орналасу заңдылықтарын түсіндіру және туған өлке мысалында этникалық құрам мен көші-қон үдерістерін талдау.



Шара құрылымында келесі әдістер мен оқу материалдары пайдаланылды:

- Ақтөбе облысы бойынша өзекті этнодемографиялық мәліметтер (қазақтар, орыстар, украиндар және т.б. үлесі);

- Өңірлік карта мен көші-қон динамикасын бейнелейтін диаграммалар;

- Интерактивті тест, жұптық және топтық талдау тапсырмалары.

Сабақ барысында оқушылар:

- Қазақстан картасынан Ақтөбе облысының халқының тығыздығын анықтады;

- Этникалық құрамды диаграмма түрінде талдады;

- Миграция себептерін шағын топтарда талқылап, өз мысалдарын келтірді;

- Өңірдегі демографиялық өзгерістердің себеп-салдарын дәптерге қысқаша жазды;

- Қорытынды бөлімде туған өлкесіне қатысты 1–2 нақты дерек келтіріп, жеке пікір білдірді.

Сонымен қатар, бақылау әдісі арқылы 10 оқушының сабаққа қатысу белсенділігі тіркелді. Арнайы бақылау парағы бойынша келесі параметрлер бағаланды: қызығушылық танытуы, белсенділік деңгейі, визуалды құралдармен жұмыс жасауы, пікір білдіруі және тапсырмаларды орындауы.

Жалпы алғанда, сабақ мазмұны оқушылардың күнделікті өмірімен тығыз байланысқандықтан, танымдық қызығушылықтың жоғары болғаны байқалды. Жергілікті материалдарды қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, географиялық ойлау мен зерттеушілік дағдыларын дамытуға ықпал етті.

Сабақ барысында бақылауға алынған 10 оқушының 9-ы (90%) тақырыпқа қызығушылық танытып, мұғалімнің түсіндіруіне зейін қойып тындады. Бұл – өлкетану материалдарының оқушы өміріне жақын әрі таныс болуымен байланысты. Өз өңіріне қатысты нақты мысалдардың қолданылуы оқушылардың пәнге деген ынтасын арттырып, эмоциялық және танымдық байланыс орнатты. Қызығушылықтың жоғары болуы – оқыту процесіндегі мотивациялық факторлардың белсенділігін көрсетеді, бұл жағдай педагогикалық психологиядағы танымдық белсенділіктің негізгі көрсеткіші ретінде қарастырылады. Сондай-ақ, 7 оқушы (70%) сабақ барысында сұрақ қойып немесе өз пікірін білдіруге белсенді қатысты. Бұл олардың пән мазмұнын түсініп қана қоймай, өз ойын еркін жеткізуге тырысқанын білдіреді. Мұндай әрекеттер таным процесінің белсенділігін, сын тұрғысынан ойлаудың дамығанын және өз ортасына қатысты мәселелерге қызығушылық танытатынын аңғартады. Сабақтың жергілікті мазмұнға негізделуі оқушылардың өмірлік тәжірибесімен байланыс орнатуына себеп болды.

Оқушылардың 8-і (80%) сабақта қолданылған карталар мен диаграммалармен жұмыс барысында өздерін көрсете білді. Олар өңірлік этнодемографиялық мәліметтерді саралап, картадан көші-қон бағыттарын анықтап, статистикалық мәліметтерді түсінуге тырысты. Бұл – географиялық ойлау мен кеңістіктік түсінікті дамытуда маңызды рөл атқарады. Визуалды құралдарды пайдалану – көрнекілік арқылы оқыту әдісінің тиімділігін дәлелдейтін фактор. Бақылауға алынған оқушылардың 9-ы (90%) тапсырмаларды белсенді орындады.



Олар этнодемографиялық карта құрастыру, көші-қон себептерін анықтау, өңірлік сипаттамаларды салыстыру сынды тапсырмалар арқылы материалды терең меңгеруге ұмтылды. Мұндай белсенділік оқушылардың пәнге деген жауапкершілігі мен жеке қызығушылығына тікелей байланысты.

Соңғы параметр бойынша, 6 оқушы (60%) өз көзқарасын айтып қана қоймай, оны нақты деректермен дәлелдеп көрсете алды. Олардың жауаптарында жергілікті әлеуметтік-географиялық жағдайларға сүйеніп, жеке қорытынды жасау байқалды. Бұл — оқушылардың функционалдық сауаттылығының, логикалық пайым қабілетінің және рефлексия дағдыларының қалыптасып жатқанын көрсетеді. Сабаққа толықтай белсенді қатыспаған оқушылар да кездесті. Мәселен, 1 оқушы (10%) сабаққа енжарлық танытып, мұғалімнің түсіндірмесін зейінсіз тыңдады және тапсырмаларға қатысуы шектеулі болды. Сонымен қатар, 3 оқушы (30%) пікір айтуға, сұрақ қоюға және өз ойын білдіруге аса құлық танытпады. Бұл оқушылардың сабақ барысында пассивті позиция ұстануы бірнеше себеппен түсіндіріледі.

Біріншіден, оқушыларда туған өлке туралы қажетті білім мен қызығушылықтың жеткіліксіз болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда ата-ананың немесе ортаның географиялық-танымдық тәрбиеге мән бермеуі, оқушының туған өңірмен байланысының әлсіздігіне әкеледі. Екіншіден, мұндай енжарлық кейде оқу мотивациясының төмендігімен, пәнге қызықпауымен немесе жалпы оқу белсенділігінің әлсіздігімен байланысты болады. Бұл жағдайда мұғалім тарапынан оқушылардың жеке ерекшеліктеріне қарай бағытталған қолдау қажет болуы мүмкін. Үшіншіден, оқушылардың визуалды құралдармен (карта, диаграмма) жұмыс істей алмауы да белсенділіктің төмен болуына әсер етті. Бұл оқушыларда кеңістік ойлау мен аналитикалық дағдылардың жеткілікті дамымағанын көрсетеді. Сондай-ақ, 4 оқушы (40%) тапсырмаларды орындауда кідіріс жасап, сыныптастарымен салыстырғанда баяу жұмыс істегені байқалды. Бұл оқу дағдысының даму деңгейі, топтық жұмысқа үйренбеуі немесе өзіне сенімсіздікпен байланысты болуы мүмкін.

Осы факторлардың барлығы зерттеу барысында ескерілуі керек. Мұндай оқушылармен жұмыс барысында қолдау көрсету әдістері, қосымша тапсырмалар немесе дараланған оқыту тәсілдері қолданылған жағдайда, олардың да пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігі артуы мүмкін.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелері география сабақтарында өлкетану принципін жүйелі түрде қолданудың оқушылардың танымдық белсенділігіне, пәнге деген қызығушылығына және білім сапасына елеулі әсер ететінін көрсетті. Ақтөбе қаласы №29 орта мектебінің 11-сыныбында жүргізілген эмпирикалық жұмыс барысында алынған деректер өлкетану мазмұны енгізілген сабақтар оқушылардың зерттеушілік қабілетін арттырып, өз ойын еркін жеткізуге, қоршаған ортаны талдай білуге үйрететінін дәлелдеді.

Сауалнама нәтижелері бойынша оқушылардың көпшілігі (75–88%) туған өлке туралы мәліметтер ұсынылған сабақтарды қызықты деп санайды және мұндай материалдардың пәнге деген ынтасын арттыратынын атап өтті. Бұл көрсеткіш



өлкетанудың оқу мотивациясын күшейтетін, оқыту үдерісін өмірмен байланыстыратын тиімді педагогикалық тәсіл екенін дәлелдейді. Сонымен қатар, бақылау әдісі де оқушылардың белсенділік деңгейінің артқанын көрсетті: 90% оқушы сабаққа қызығушылық танытып, 80% визуалды құралдармен жұмыс істеп, 70% өз пікірін білдіре алды. Бұл деректер өлкетану принципін оқыту процесін жандандырудағы және тұлғалық дамуындағы рөлін нақтылай түседі.

Өлкетану – тек қосымша мазмұн емес, оқушылардың кеңістіктік ойлауын, логикалық пайымын және функционалдық сауаттылығын дамытудың негізгі кілті. Туған өлке туралы нақты мысалдар арқылы оқушы географиялық ұғымдарды терең түсініп, оларды өмірлік жағдайлармен байланыстыра алады. Мұндай тәсіл арқылы оқыту білімнің тек теориялық емес, практикалық маңызын да арттырады. Сонымен бірге, зерттеу барысында кейбір өзекті мәселелер де анықталды. Атап айтқанда, өлкетанулық материалдардың жүйелі түрде қамтылмауы, мұғалімдердің әдістемелік даярлығының жеткіліксіздігі және оқу құралдарының тапшылығы өлкетану принципін толық жүзеге асыруға кедергі келтіруде. Бұл бағытта педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру, өңірлік мазмұнды жаңарту және оқу бағдарламасын жергілікті ерекшеліктермен толықтыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Қорыта айтқанда, география сабақтарында өлкетану принципін қолдану – оқушылардың туған жеріне деген сүйіспеншілігін қалыптастырудың, ұлттық сана мен азаматтық жауапкершілікті дамытудың, сонымен қатар оқу мотивациясы мен функционалдық сауаттылықты жетілдірудің ең тиімді жолдарының бірі. Сондықтанда бұл бағытты жүйелі түрде жүзеге асыру еліміздің білім беру сапасын арттыруға және жас ұрпақтың өз өлкесіне, еліне деген мақтаныш сезімін нығайтуға ықпал етеді.

Алғыстар

Осы зерттеуді жүргізуге жағдай жасағаны үшін Ақтөбе қаласы №29 орта мектебінің география пәні мұғалімдеріне алғыс айтамын. Зерттеу сауалнамалары мен сабақтағы бақылауға жауапкершілікпен қатысқан 11-сынып оқушыларына ерекше ризашылық білдіремін. Жұмыстың тұжырымдамасы мен әдістемесін жетілдіруге ықпал еткен ғылыми жетекшіге алғыс айтамын.

ӘДЕБИЕТ

[1] Ламберт Д., Морган Дж. Географияны 11–18 жастағы оқушыларға оқыту: тұжырымдамалық тәсіл. – Лондон: Open University Press, 2010. – 241 б.

[2] Обухов А. С. Концепция современного географического краеведения. – М.: НИУ ВШЭ, 2021. – (электронды ресурс).

[3] Пирожков Г. П. Краеведческое образование как составляющая культурологической подготовки специалиста: монография. – Тамбов; М.; СПб.; Баку; Вена; Гамбург: МИНЦ «Нобелистика», 2011. – 300 с.

[4] Максаковский В. П. Географическая культура. – М.: Дрофа, 1998

[5] Байдалиев Д. Д. Өлкетану негіздері: оқу құралы. – Тараз: ТИГУ баспаханасы, 2013. – 128 б..



[6] Жанпейісова М. М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде: оқу құралы. – Алматы, 2006. – 154 б.

REFERENCES

- [1] Lambert, D., & Morgan, J. Teaching Geography to 11–18 Year Olds: A Conceptual Approach. – London: Open University Press, 2010. – 241 p.
- [2] Obuňov A. S. Concept of Modern Geographical Regional Studies. – Moscow: HSE University, 2021. – (electronic resource).
- [3] Pirozhkov G. P. Regional Studies Education as a Component of a Specialist's Cultural Studies Preparation: Monograph. – Tambov; Moscow; St. Petersburg; Baku; Vienna; Hamburg: MINTS “Nobelistics”, 2011. – 300 p.
- [4] Maksakovsky V. P. Geographical Culture. – Moscow: DROFA, 1998.
- [5] Baydaliyev D. D. Fundamentals of Regional Studies: A Textbook. – Taraz: TIGU Printing House, 2013. – 128 p.
- [6] Zhanpeisova M. M. Module Learning Technology as a Tool for Student Development: A Textbook. – Almaty, 2006. – 154 p.

Кубесова Г.Т., Калменов А.А.

ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ КРАЕВЕДЧЕСКОГО ПРИНЦИПА В ОБУЧЕНИИ ГЕОГРАФИИ НАСЕЛЕНИИ

Аннотация. В статье анализируются особенности и эффективность системного применения принципа краеведения в преподавании географии населения. Теоретическая часть определяет содержание, компетентностные и педагогико-технологические аспекты региональных исследований и демонстрирует возможности их интеграции с жизненным опытом учащихся. Эмпирическое исследование проводилось в городе Актобе. Исследование проводилось в 11-м классе средней школы № 29. Результаты опроса и наблюдения за уроками показали, что содержание краеведческих исследований значительно повысило интерес учащихся к предмету, их активное участие в дискуссиях и навыки работы с картами и диаграммами. Кроме того, в статье выявлена нехватка методических ресурсов и дефицит конкретного краеведческого материала в учебных материалах. В статье предлагаются практические рекомендации по созданию базы местных ресурсов, систематическому использованию цифровой картографии, такой как ГИС, уточнению показателей оценки и повышению квалификации учителей.

Ключевые слова: краеведческие исследования; география населения; компетентность; школьная география; мотивация; ГИС; цифровая картография.

Kubesova Gulnar, Kalmenov Arman

FEATURES OF APPLYING THE PRINCIPLE OF REGIONAL STUDIES IN TEACHING THE GEOGRAPHY OF THE PEOPLE

Annotation. The article analyzes the features and effectiveness of the systematic application of the principle of regionalization in teaching population geography. The



theoretical part defines the content, competence, and pedagogical and technological aspects of regional studies and demonstrates the possibilities of their integration with the life experience of students. The empirical study was conducted in the city of Aktobe. The study was conducted in the 11th grade of secondary school No. 29. The results of the survey and observation of lessons showed that the content of regional studies significantly increased students' interest in the subject, their active participation in discussions, and their skills in working with maps and diagrams. In addition, the article identifies a lack of methodological resources and a shortage of specific regional material in educational documents. The article offers practical recommendations for creating a database of local resources, the systematic use of digital cartography such as GIS, refining assessment indicators, and improving teacher qualifications.

Keywords: regional studies; human geography; competence; school geography; motivation; GIS; digital cartography.